

## Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 09 маусымдағы № 326 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 маусымда № 3385 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 17 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 19.01.2015 № 17 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабы 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабы 5-2) тармақшасына сәйкес, жұмыспен қамту саясатын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында, Аягөз ауданының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Жұмыс орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Ысқақова жүктелсін.

3. Осы қаулы ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Нұрғалиев